

Қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 486 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 қыркүйекте № 24561 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 120) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2021 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 486 бұйрығымен
бекітілген

Қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 120) тармақшасына сәйкес әзірленді және оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау үшін қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарын (бұдан әрі – крандар) зерттеп-қарау кезеңділігі мен әдістеріне ұйымдастыру тәртібін нақтылайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 10 тамыздағы № 389 бұйрығымен бекітілген Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықта (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24006 болып тіркелген) (бұдан әрі – Нормативтік қызмет мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулық) келтірілген зерттеп-қарау түрлері мен кезеңділігі бойынша талаптар осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген крандардың ерекшеліктеріне қатысты нақтылайды.

Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар крандарға арналған құжаттаманың ұсынымдары мен нұсқауларын, дайындаушы зауыттардың, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті

органның аумақтық бөлімшесінің және крандарға зерттеп-қарау жүргізетін ұйымдардың ақпараттық хаттарын жоймайды.

3. Осы Нұсқаулықта "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10332 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағида), Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 823 шешімімен бекітілген "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінде және Нормативтік қызмет мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарау нұсқаулығында белгіленген терминдер қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Зерттеп-қарау түрлері мен кезеңділігі

4. Крандардың есептік қызмет ету мерзімі паспортта дайындаушымен көрсетіледі. Паспортта мұндай деректер болмаған жағдайда, крандарды одан әрі пайдалану мерзімін ұзарту мақсатында оларды зерттеп-қарауды осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада келтірілген нормативтік қызмет мерзімі өткеннен кейін жүргізу қажет.

5. Нормативтік қызмет ету мерзімі өткен крандарды зерттеп-қараудың мынадай түрлері көзделеді:

бастапқы;

қайта;

кезектен тыс.

Кезектен тыс зерттеп-қарау крандардың пайдалану мерзіміне қарамастан орындалады.

6. Крандарға бастапқы техникалық зерттеп-қарау нормативтік қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

7. Крандарға қайта техникалық зерттеп-қарау зерттеп-қарауды жүргізген ұйым белгілеген мерзімде жүргізіледі.

8. Қайта зерттеп-қараулардың саны шектелмейді. Әрі қарай пайдалану мүмкіндігі кранның жалпы техникалық жағдайымен және эргономикалық көрсеткіштер мен жөндеудің орындылығын қоса алғанда, орындалатын функцияларға сәйкестікпен анықталады.

9. Крандар келесі жағдайларда кезектен тыс зерттеп-қараудан өтеді:

1) паспорттың телнұсқасын дайындау және ресімдеу немесе паспорттың жаңа нұсқасын әзірлеу кезінде;

2) егер пайдалану процесінде көтергіш металл конструкцияларында бірнеше рет жарықтар пайда болуы байқалса;

3) егер номиналды жүк көтергіштіктен 25 % асатын жүктемемен сынау кезінде калдық деформацияның пайда болуы анықталса;

4) авариялар нәтижесінде туындайтын металл конструкцияларының деформациялары болған кезде;

5) егер кран басқа шассиге орнатылса.

10. Пайдалану кезінде авариялық пен жарақаттанушылықтың алдын алу мақсатында мынадай ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды орындау қажет:

1) толық техникалық куәландыру жүргізу:

қызмет мерзімі өткеннен кейін бастапқы;

12 айда кемінде бір рет қайталап;

2) жоспарлы-алдын ала жөндеу және техникалық қызмет көрсету арасындағы мерзімдерді 50% - ға қысқарту қажет;

3) техникалық куәландыру жүргізу кезінде металл конструкцияларының жай-күйіне ерекше назар аударылсын.

11. Бұзбайтын бақылаудың барлық түрлері, механикалық қасиеттерді анықтау, металдың микроқұрылымын зерттеу, беріктік есептеулері және көтергіштерді зерттеп-қарау кезінде сынақтардың жүргізу "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, пайдалану құжаттамасының және дайындаушы зауыттардың тиісті құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Зерттеп-қарауды ұйымдастыру

12. Зерттеп-қарауды ұйымдастыру кезінде Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулықтың 3-тарауын басшылыққа алған жөн.

13. Зерттеп-қарауға жұмыс жағдайындағы монтаждық крандар тартылады. Жұмысқа жарамсыз күйдегі жүк көтергіш крандарға тексеру жүргізу кезінде сынақтар жүргізу оларды жұмысқа жарамды күйге келтіргеннен кейін іске асырылады.

14. Қызмет ету мерзімін ұзарту мәніне зерттеп-қарау жүк көтергіш кранды қайта монтаждаудан, ағымдағы жөндеу жүргізуден немесе техникалық куәландырудан (жебелі өздігінен жүретін крандар үшін техникалық байқаумен) кейін жүргізіледі. Осы мақсатта ашық ауада немесе жылытылмайтын үй-жайларда орнатылған жүк көтергіш крандарға зерттеп-қарау басталғанға дейінгі мерзімдер үш айға дейін ұлғайтылуы мүмкін.

15. Крандарды зерттеп-қарауды кранның металл конструкциясын сынау үшін қолданылатын аппаратураның жұмысы үшін көрсетілген температурадан төмен емес температурада жүргізу қажет.

16. Қызмет ету мерзімі өткен жүк көтергіш кранды бастапқы, қайталама немесе кезектен тыс зерттеп-қарауға беру оның иесі болып табылатын ұйым бойынша бұйрықпен айқындалады. Бұйрық бір немесе бірден жүк көтергіш крандар тобына рәсімделуі мүмкін.

17. Жүк көтергіш кранның иесі тексеруге мыналарды дайындайды:

1) жүк көтергіш кран, сынақ жүктері, сондай-ақ тексеру жүргізу кезеңінде краншыны (машинисті, операторды) бөлу;

2) биіктікте металл конструкциялары мен механизмдерді тексеруге арналған жабдық (қажет болған жағдайда);

3) кран жолдарын пайдалануға тапсыру-қабылдау актісі және кран жолдарын (жерүсті немесе жерүсті кран жолдары арқылы өтетін жүк көтергіш крандар үшін) кешенді зерттеп-қараудың алдыңғы актісін;

4) оқшаулау және жерге қосу кедергісін тексеру актісін;

5) жүк көтергіш кранға арналған пайдалану құжаттамасын;

6) жүргізілген жөндеу (реконструкциялау) жобасын, сондай-ақ егер бұл жұмыстар жүргізілген болса, жөндеу (реконструкциялау) жүргізу кезінде пайдаланылған металдың сертификаттары;

7) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес жүк көтергіш кранмен орындалатын жұмыстардың сипаты туралы анықтама;

8) Қағиданың 14-қосымшасына сәйкес жасалған вахталық журнал;

9) Заңның 12-2-бабының 14-16) тармақшасына сәйкес әзірленген, Қызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі – Мұнаралы крандарды зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулық) көрсетілген жүк көтергіш машиналар мен кран асты жолдарын кезеңді қарау және жөндеу журналы нысаны бойынша жүргізіледі;

18. Одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы қорытындымен жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы Акт жұмысқа қабілетті күйдегі және статикалық және динамикалық сынақтардан өткен жүк көтергіш кранға беріледі.

4-тарау. Зерттеп-қарауға дайындық

19. Крандарды тексеру бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) кран иесінің техникалық құжаттамасының жинақтылығы мен мазмұнының болуын тексеру;

2) кранның жинақтылығын тексеру;

3) кранға тексеру жүргізу шарттарын тексеру;

4) кранның техникалық жағдайын тексеру;

5) кранның статикалық және динамикалық сынақтары;

6) кранның техникалық тексеру нәтижелерін ресімдеу.

20. Техникалық құжаттаманың болуы, жиынтығы және мазмұны.

Техникалық құжаттама жиынтығын тексеру кезінде пайдалану, жөндеу және ағымдағы құжаттаманың бар екеніне көз жеткізу қажет, оның ішінде:

- 1) паспорттың;
- 2) пайдалану және монтаждау бойынша техникалық сипаттама және нұсқаулықтың;
- 3) техникалық қызмет көрсету карталарының (нұсқаулықтары);
- 4) дайындаушы зауыт ұсынған жөндеу немесе техникалық шарттар бойынша нұсқаулықтың;
- 5) вахталық журналдың;
- 6) негізгі құрастыру бірліктері мен тез тозатын бөлшектер сызбаларының альбомының;
- 7) пайдалану кезеңінде металл конструкцияларын күшейту бойынша монтаждауға, жөндеу жұмыстарына арналған актілердің;
- 8) осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес электр сымдары мен қорғаныш жерге тұйықтау оқшауламасының кедергісін өлшеу хаттамаларының;
- 9) жылына 2 рет, көктемде және күзде жүргізілетін кран жолын ниверирлеу схемалары мен актілерінің;
- 10) құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау үшін оны орнату кезінде жүк көтергіш кранмен жұмыс жүргізу жобасының болуы және мазмұны;
- 11) алмалы-салмалы жүк қармау құрылғылары мен ыдыстарды есепке алу және мерзімді қарау журналы;
- 12) алмалы-салмалы жүк қармау құрылғыларына паспорттардың болуы;
- 13) ыдысты қарау жөніндегі нұсқаулықтың болуы және мазмұны;
- 14) крандарды қарау және жоспарлы-алдын ала жөндеу графигі;
- 15) жебелі өздігінен жүретін кранға қызмет көрсететін машинистер мен строптаушыларда олардың массасы көрсетілген тасымалданатын жүктер тізімдерінің болуы;
- 16) кранда жаңадан орнатылған арқандар үшін сертификаттың және беріктік қорының коэффициент есебенің болуы;
- 17) егер қолданылатын болса, ілгектің және оны ілу бөлшектерінің, сондай-ақ балқытылған металды немесе сұйық шлакты тасымалдайтын кранның пластиналық ілгегінің ілу бөлшектерінің жай-күйі туралы химиялық зертхана қорытындысының болуы (мұндай қорытынды 12 айда кемінде бір рет беріледі);
- 18) кранның көтергіш металл конструкциялары элементтерінің химиялық құрамы туралы қорытындының болуы. Қоспалардың құрамы бойынша металдың химиялық құрамы осы металдарға дайындаушы зауыттардың нормативтік құжаттамасының талаптарына сәйкес келеді;
- 19) отын бағының толтырылуын, оның ішінде көлемінің үштен екі бөлігінің толтырылуын тексеру керек. Салқындатқыш сұйықтық, май, жұмыс сұйықтықтары

деңгейінің дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасында белгіленген деңгейде толтырылады;

20) төмен қоспаланған көміртекті болаттан жасалған дайын прокаттағы көміртектің құрамы 0,22 % аспайды;

21) көтергіштердің көтергіш металл конструкцияларының негізгі элементтерінің соққы тұтқырлығының шамасы туралы қорытындының болуы. Соққы тұтқырлығының мәні 29 Дж/см² төмен болмауы тиіс. Үлгілердің бірінде тұтқырлық шамасын 19,3 Дж/см² дейін төмендетуге жол беріледі;

22) суық климаты бар аудандарда кран дайындаушы зауыт әзірлеген оларды пайдалану бойынша ұсынымдардың (У1 – МЕМСТ 15150-69 "Машиналар, аспаптар және басқа да техникалық бұйымдар. Әр түрлі климаттық аудандар үшін орындау. Сыртқы ортаның климаттық факторларының әсері бөлігінде пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары, санаттар" сәйкес ашық ауада орналастырылған қалыпты климат үшін орындалуы) болуы;

23) ресурсы таусылған крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы қорытындымен кранның техникалық жай-күйін тексеру актісінің болуы (тиісті әдістеме бойынша).

21. Крандардың жинақтылығын тексеру:

1) кранды сынау үшін техникалық құжаттамаға сәйкес жұмыс жабдығымен жарактандырылады;

2) кран осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкес қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар жиынтығымен, тасымалданатын электр шамымен, пайдалану және жөндеу құжаттамасымен толық жинақталады;

3) көзбен шолып қарау кезінде барлық бөлшектер мен тораптардың болуын бақылайды, конструкцияның паспорттық деректерге сәйкес келетініне көз жеткізеді.

5-тарау. Крандардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарау жүргізу шарттарын тексеру

22. Крандарды зерттеп-қарау шарттарын тексеру кезінде мыналарға назар аударған жөн:

1) пневматикалық - дөңгелекті, шынжыр табанды немесе автомобиль жүрісті кран орнатылған алаңның жай-күйі. Тексеруге арналған алаң көлденеңінен $\pm 3^\circ$ ауытқуы және қысымға төтеп бере алатын қатты жабыны бар көлденең таңдалады:

жүк көтергіштігі 63 тоннаға дейінгі крандар үшін 588,4 кПа дейін;

жүк көтергіштігі 63 тоннадан асатын крандар үшін 784,5 кПа;

2) кранның тіркеу нөмірі, оның жүк көтергіштігі және сынақ күні көрсетілген тақтайшаның болуы;

3) кранға кернеу беретін рубильниктің орналасуы, оған еркін қол жетімділіктің болуы, рубильник ажыратылған жағдайда құлыптауға арналған құрылғының болуы, онда "кран" деген жазудың болуы, рубильник корпусын жерге тұйықтау;

- 4) кранды еңістің шетіне орнату кезінде - еңістің негізіне қатысты дұрыс орнату;
- 5) жебелі типті кранның жүк көтергіштігін шектегішті кезеңдік сынау үшін бақылау жүгінің болуы;
- 6) мұнаралы крандардың кран жолдарында жүк көтергіштігін шектегішті (бұдан әрі – ЖКШ) сынау кезінде кранның орнатылған орнын анықтайтын белгілердің болуы;
- 7) кран жолдарының жерге тұйықталуы мен нөлденуінің Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) (бұдан әрі – ЭҚҚ), ал мұнара крандары жолдарының ҚР ҚН 1.03-04-2014 "Құрылыс мұнаралы крандарға арналған кран асты жолдарын орнату және пайдалану" талаптарына сәйкестігі;
- 8) төрттағанды, мұнаралы және тағы басқа крандарға кран жолдары арқылы өту жолдарының болмауы;
- 9) Қағидалармен регламенттелетін рельс жолдарымен қозғалатын крандардың ғимарат элементтеріне, жүк қатарларына жақындау габариттерін сақтау;
- 10) кранды орнату орнын қарау кезінде мынаны тексеру қажет:
кран кабинасына қатысты басты троллейлердің дұрыс орналасуы, оларға цехтың, алаңдардың, галереялар мен сатылардың еденінен кездейсоқ жанасудың мүмкін еместігі;
бір аралықта бірнеше кранды орнату кезінде басты троллейлердің жөндеу учаскелерінің болуы;
кранды көзбен шолып қарауды жүргізуге арналған қосалқы құралдардың: төсемдердің, көтергіштердің (мұнаралардың), алаңдардың, аспа бесіктердің, басқыштардың, басқа да крандардың және жабдықтардың болуы;
- 11) зерттеп-қарау құрамына кіретін сынақтарды жүргізу кезінде салмағы өлшенген жүктерді жүк сипаттамасына сәйкес, ал олар болмаған жағдайда динамометр арқылы ілуге ыңғайлы жүктерді пайдалану қажет. Жүктің салмағы (масса) жүктің өзінде, орпада немесе ілеспе құжаттамада көрсетілуі мүмкін;
- 12) өлшеу және сынау әдістерін, сыналатын жүктемелерді, қашықтықты, кранды тексеру үшін уақытты өлшеу құралдарын таңдау кезінде Нормативтік қызмет мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жағдайын зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулықтың 16-тармағының ескертпесін басшылыққа алу қажет.

6-тарау. Крандардың техникалық жай-күйін тексеру

23. Крандардың техникалық жай-күйін тексеру кезінде мынаған көз жеткізу қажет:

- 1) кран Қағиданың, ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың, дайындаушы зауыттың монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келеді;

2) кранның электр жабдығы, оны монтаждау және жерге қосу ЭҚЕ және Қағиданың талаптарына жауап береді;

3) кранның электр жабдығын тексеру Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10907 болып тіркелген) (бұдан әрі – ЭҚ ҚТҚ) және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 222 бұйрығымен бекітілген Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10889 болып тіркелген) (бұдан әрі – ТЭП ҚТҚ) сәйкес жүргізіледі;

4) кранды пайдалану процесінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша дайындаушының немесе әзірлеушінің барлық ұсынымдары орындалған.

Кранның жай-күйі механизмдердің, шектегіштер мен көрсеткіштердің іс-әрекетін сырттай қарау және сынағалау арқылы тексеріледі. Крандардың әртүрлі түрлерін қарау схемалары осы Нұсқаулыққа 4-қосымшада келтірілген. (бұдан әрі- Әр түрлі типтегі монтаждық крандардың металл конструкцияларын тексеру схемалары).

Механизмдер мен электр жабдықтарын бөлшектеу қажеттілігін зерттеп-қарауды жүргізетін ұйымның маманы анықтайды.

24. Кранды қарау кезінде мыналардың жағдайын:

ілгек және оның аспа бөлшектерін;

металл конструкциялары мен олардың қосылуын;

көмекші жолдар (көпір түріндегі крандардың жанында);

блоктар, өстер және оларды бекіту бөлшектерін;

арқандар және оларды бекітуін;

механизмдерді;

басқару кабиналары мен аппараттары, алаңдар мен сатыларды;

электр, пневмо және гидрожабдықтарды;

шектегіштер мен көрсеткіштер;

қарсы салмақты және балластты (жебелі типті крандарда) тексеру қажет.

25. Ілгекті және оның аспа бөлшектерін тексеру, қажет болған жағдайда, бөлшектелген күйде жүргізіледі, бұл ретте мыналарға назар аудару қажет:

1) ілгекте стандарттармен талап етілетін белгілердің болуы;

2) қажет болған жағдайларда ілгектің аузынан алынатын жүк қармау құрылғыларының өздігінен түсуін болдырмайтын тұйықтаушы құрылғының болуы;

3) қалдық деформацияның, жарықтардың, айырулардың және жол берілмейтін тозудың болмауы;

4) ілгектің рұқсат етілген тозуы - тік қиманың бастапқы биіктігінен 10 % артық емес, енінің ұлғаюы, аузы – 12 % артық емес;

5) траверстегі ілгекті бекіту сенімділігі және траверстер мен тірек мойынтіректің жай-күйі;

6) ілгекті аспа беттерінің және блоктарының жай-күйі, аспа блоктарынан арқандардың құлауын болдырмайтын құрылғылардың болуы және жарамдылығы.

26. Металл конструкцияларын және олардың қосылыстарын тексеру кезінде жарықтарды, деформацияларды, қабырғалардың суға батуын, металдың қатпарлануын, бояудың қабыршықтануын және басқа да зақымдануларды анықтау мақсатында негізгі салмақ түсетін элементтерге назар аудару қажет. Машиналардың металл конструкцияларындағы ақаулардың пайда болу орындары Әр түрлі типтегі монтаждық крандардың металл конструкцияларын зерттеп-қарау схемаларында көрсетілген.

Жарықтардың және басқа да ақаулардың болуы болжанатын орындарды дәнекерлеу жіктерін 5-10 есе үлкейтетін лупа көмегімен қарау қажет. Қол жетпейтін жерлердегі жарықтарды лупаның көмегімен мұқият қарау арқылы анықтау барлық конструкциялар мен түйіндерді қарау кезеңінде оларды толық анықтауға кепілдік бере алмайды.

Бұл жағдайда құрылымды пайдалану мүмкіндігі туралы мәселе басқа ақаулардың болуын, болаттың сапасын, шартты пайдалануды ескере отырып шешіледі.

27. Металл конструкцияларының, дәнекерленген, болтты, тойтарма және басқа да қосылыстардың элементтерін қосымша тексеру:

1) ақаулар немесе олардың белгілері анықталған кезде металл конструкциялары мен дәнекерлеу қосылыстарының күдікті учаскелері кірден және шаңнан тазартылады (щетканың немесе сығылған ауамен үрлеудің көмегімен), содан кейін бұзбайтын бақылаудың көмегімен тексеріледі.

Металл конструкциясының нақты элементін бақылаудың бұзбайтын әдісін қолдану қажеттілігі туралы шешімді зерттеп-қарауды жүргізетін мамандар қабылдайды.

Коррозиядан зардап шеккен металдың қалдық қалыңдығын анықтауға арналған құрылғылар ретінде ультрадыбыстық – қалыңдық өлшегіштер қолданылады.

Бұдан басқа, құйынды токты және магнитографиялық бақылау әдістері қолданылады. Дефектоскопия әдістері туралы қысқаша мәліметтер Заңның 12-2-бабының 14-13) тармақшасына сәйкес әзірленген Қызмет ету мерзімі өткен жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін жебелі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа 2-қосымшасында келтірілген (бұдан әрі – жебелі крандарды тексеру жөніндегі Нұсқаулық).

Дефектоскопия жүргізу нәтижелері бойынша жебелі крандарды тексеру жөніндегі Нұсқаулықта көзделген нысандар бойынша қорытындылар ресімделеді;

2) жарықтар анықталған кезде барлық күдікті учаскені коррозиядан тазарту және металл жылтырына дейін тазарту қажет. Тазалау кезінде негізгі және балқыған металда майысулар мен кесіктер қалдыратын кескішпен немесе балғамен ұруға болмайды;

3) жарықшақтың болуын анықтау үшін мынадай әдістерді қолдану қажет:

жақсы өткір кескішпен кішкене жоңқаларды жоспарланған жарықшақтың бойымен алу керек. Жоңқалардың бөлінуі жарықшақтың болуын көрсетеді;

күдікті аймақты керосинмен мол суландырады, біраз уақыттан кейін шүберекпен құрғатылғанша сүртіледі. Содан кейін күдікті аймақ жұқа ұсақталған бордың сулы ерітіндісімен жабады. Ағартуды кептіріп балғамен ұрғаннан кейін, жарық аймағы қараңғыланады;

4) жарықтар анықталған кезде жарықтардың даму бағытына және олардың келесі элементтерге таралуына назар аудару керек:

түйіспелі қосылыстар;

фланецті қосылыстар;

болтты және тойтармалы қосылыстар;

көршілес элементтердің түйісу түйіндері;

белдіктердің түйіспелері (әсіресе созылған аймақтарда);

созылған күш элементтерінде әрекет ететін көлденең орналасқан дәнекерлеу жіктері;

дәнекерленген жіктерді жақындастыру аймағы (қаттылық қырларын белдіктермен, тіреулердің қиылысу орындарын, кронштейндерді белдіктермен, арқалықтарды қабырғалармен, лонжерондарды түйінdestіру);

аспалы жүктемемен тиелген дәнекерленген жіктер (қораптық арқалықтар, рельс қабырға астында, айналмалы және тірек бөлігі тірек-бұрылмалы құрылғы (бұдан әрі – ТБҚ) астындағы сақина аймағында орналасқан кезде);

қос таврлы жүріс арқалықтарының жоғарғы белдеуінің және тік қабырғасының жіктері;

5) дәнекерлеуді қолданатын жөндеу орындарын қосымша қарау кезінде дәнекерлеу жігінің және тігіс маңы аймағының жай-күйіне (ені 20-30 мм) назар аудару қажет;

6) конструкция элементтерін ақаулардың және зақымданулардың болуына қарап тексеру аяқталғаннан кейін металдың коррозиямен зақымдану дәрежесін бағалауды, болтты және тойтарма қосылыстардың, сондай-ақ металл конструкциялардың жалғау элементтерінің жай-күйін бақылауды жүргізеді.

28. Металлдың коррозиямен зақымдану дәрежесін болат щеткалармен тазартылған өлшемдерді коррозиядан зардап шеккен жердегі қимасы немесе қалыңдық өлшеуіштері бар көлденең қималардың металл жарқырауын салыстыру арқылы анықтайды.

Ашық ауада жұмыс істейтін қорапты конструкциялары бар машиналарда құрылым ішінде судың жиналуынан туындаған төменгі бөліктің ішкі коррозиясы болуы мүмкін (судың болуы конструкция қабырғасын балғамен ұрған кезде тән дыбыспен анықталады).

Коррозия мен судың төгілу дәрежесін бағалау үшін конструкцияның төменгі бөлігінде диаметрі 15-20 мм тесік бұрғыланады, ол аяқталмаған күйінде қалады. Саңылауды симметрия осінің ең төменгі нүктесінде бұрғылау керек.

Ылғал жиналатын жерлерді дренаждаудың ұқсас процедурасы металл конструкцияларында "қалталар" анықталған кезде қолданылады.

Машинаның металл конструкциясының едәуір бөліктері коррозиямен зақымданған жағдайда (жалпы бетінің 30 % - дан астамы) элементтердің қалыңдығын ультрадыбыстық қалыңдық өлшеуішпен өлшеу қажет. Салмақ түсетін элементтердің қалыңдығын азайтудың рұқсат етілген өлшемі 10 % - дан аспайды.

29. Болтты және тойтармалы қосылыстардың жай-күйін бақылау қосылысты балғамен түрту арқылы жүзеге асырылады. Әлсіреген тойтармаларды соққылардың дыбысымен және балғаның серпілу сипатымен анықталады.

Күмәнді жағдайларда тексеруді екі балғамен жүргізеді: біреуі бастиегіне соққы жасайды, ал екіншісі тойтарманың қарама-қарсы бастиегіне басылады. Тойтарманың әлсіреуі соққы кезінде екінші балғаның күрт көтерілуімен бірге жүреді.

Босаған болттар мен тойтармалар бастиектің айналасындағы жиекпен немесе тоттың ағып кетуімен сипатталады.

30. Металл конструкциялардың (саусақтардың, өстердің) жалғағыш элементтерін бақылауды бекіткіш элементтердің (ригельдердің, бүйір шайбалардың) жай-күйін тексеруден бастайды. Бекітуші элементтердің қосылыста өстік күш-жігердің болуын куәландыратын зақымданулары анықталған кезде саусақтарды (өстерді) бөлшектеу және оларды, әсіресе отыратын орындарды мұқият қарау қажет. Кранның байланыстырушы элементтерін қозғалыстардың жұмыс қабілеттілігі мен нақты шамаларын бағалау үшін оның қозғалмайтын күйінде де, жүкпен жұмыс істеу кезінде де қарау керек.

31. Металл конструкцияларының деформацияларын өлшеу осы Нұсқаулыққа 5 – қосымшаға сәйкес жүргізіледі (бұдан әрі – Металл конструкцияларының деформацияларын өлшеу).

7-тарау. Крандардың металл конструкцияларының көтергіш және қосалқы элементтерінің химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін анықтау

32. Металдың химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін анықтау қажеттілігі келесі жағдайларда туындайды:

1) егер кранның паспортында немесе дайындаушы кәсіпорынның басқа құжатында дайындалған металл туралы деректер болмаса;

2) егер кран кран паспортында көрсетілген төменгі шекті мәннен төмен қоршаған орта температурасы кезінде пайдаланылса (жүкті жылжытса);

3) егер кран паспортта көрсетілмеген немесе сертификаттары жоқ болат маркасы бар элементтер қолданылған кезде жөндеуге және жаңғыртуға ұшыраса.

33. Металдың химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін айқындау қажеттігі туралы шешімді тексеру жүргізетін комиссия шығарады.

34. Металдың химиялық құрамын анықтау үшін сынамаларды (жоңқаларды) іріктеу МЕМСТ 7565-81 "Шойын, болат және қорытпаларды бойынша жүргізіледі. Химиялық құрамы үшін сынама алу әдісі" бойынша жүргізіледі. Сынамаларды іріктеу әдістері металл конструкцияларын тексеру бойынша барлық басқа жұмыстар жүргізілгеннен кейін анықталады.

Металл конструкцияларының материалын химиялық талдауға арналған жоңқа қорытындыны әзірлейтін ұйымның нұсқауы бойынша іріктеу тәртібімен (негізгі элементтерден, металл конструкцияларының учаскелерінен кемінде 30 г) алынады:

жебелі крандарда – жебе белдіктерінен және жүріс платформасының рамасынан; мұнаралы және порталды крандарда – жебе мұнарасы порталының белдіктері мен еңістерінен;

көпірлі крандарда – қалыптардың жоғарғы және төменгі белдіктерінен, еңістерден, шеткі арқалықтардан және арба рамасынан;

төрттағанды крандар мен жүк тиейтін көпірлерде – көпірлі крандар сияқты және қосымша тіректердің белдіктері мен жақтауларынан.

Жоңқаларды алу орындары бояу мен тоттан алдын ала тазартылады және металл жылтырға дейін тазартылады.

Жоңқаны талдау үшін элементтің жиегінен кескішпен алып тастауға немесе бұрау арқылы бұрғылауға болады.

Егер жоңқа кескішпен алынып тасталса, онда үлгіні алу орны тегістеу машинасымен өңделуі қажет, осылайша жиек сызығы тегіс болады.

Жоңқаны алу үшін бұрғылау диаметрі прокаттың бір жарым қалыңдығынан аспайтын бұрғылаумен (әдетте, бұрғылаудың диаметрі 3-5 мм) металдың барлық қалыңдығына жүргізіледі).

Бұрғылаудан кейін тесіктер балқытылмайды. Тесіктер арасындағы және тесік жиегінен элемент жиегіне дейінгі қашықтық бұрғының үш диаметрінен кем болмауы тиіс (әдетте, 10-15 мм емес).

Жоңқа буып-түйіледі және таңбаланады. Таңдалған жоңқаға кранның, элементінің профильдің, жоңқаларды алу орнының көрсетілуімен ведомост жасалады.

Жоңқалардың химиялық құрамы МЕМСТ 22536.0-87 "Көміртекті болат және легірленбеген шойын. Талдау әдістеріне қойылатын жалпы талаптар", МЕМСТ 22536.1-88 "Көміртекті болат және өңделмеген шойын. Жалпы көміртекті және графитті анықтау әдістері", МЕМСТ 22536.2-87 "Көміртекті болат және өңделмеген шойын. Күкіртті анықтау әдістері", МЕМСТ 22536.3-88 "Көміртекті болат және өңделмеген шойын. Фосфорды анықтау әдістері", МЕМСТ 22536.4-88 "Көміртекті болат және өңделмеген шойын. Кремнийді анықтау әдістері", МЕМСТ 22536.5-87 "Көміртекті болат және өңделмеген шойын. Марганецті анықтау әдістері", МЕМСТ 22536.6-88 "

Көміртекті болат және өңделмеген шойын. Мышьякты анықтау әдістері" талаптарына сәйкес анықталады. Химиялық талдау кезінде көміртегі, кремний, марганец, күкірт, фосфордың құрамы анықталады.

35. Крандардың металл конструкцияларының негізгі жүк көтергіш элементтерінің үлгілерін іріктеу және соққы тұтқырлығын анықтау.

Соққы тұтқырлығын сынауға арналған сынамалар негізгі салмақ түсетін элементтерден кесіледі. Бір топқа көлденең қимасы бірдей прокаттың бір түрінің элементтері кіреді.

Сынамалар кесілетін элементтерді металдың химиялық құрамы бойынша зертханалық талдаудан өткізеді. Химиялық талдау үшін соққы тұтқырлығы сынамаларының материалы қолданылады.

Соққы тұтқырлығын анықтау минус 20 0С және минус 40 0С температурада, сондай-ақ плюс 20 0С (сәйкесінше температурада қолданылатын машиналар үшін) жүргізіледі.

Үлгілердің саны әр топқа кемінде 3-тен төмен емес. Соққы тұтқырлығын сынау МЕМСТ 9454-78 "Металдар. Төмен, бөлме және жоғары температура кезінде соққы иілісін сынау әдісінің" 1 немесе 3 типтеріндегі үлгілерге жасайды.

Элемент болатының қалыңдығы 10 мм және одан кем болған кезде МЕМСТ 9454-78 бойынша 1 типті кесумен "қалыңдық" х 10 х 55 (мм) көлеміндегі натуралық қалыңдық үлгілерін сынауды жүргізеді.

Соққы тұтқырлығының мәні 29 Дж/см² (3 кгс/ см²) төмен емес. Үлгілердің бірінде рұқсат етілген тұтқырлық мөлшері 19,5 Дж/см² (2 кгс/см²) дейін.

Комиссияның қалауы бойынша механикалық тозудан кейін соққы тұтқырлығына сынақтар жүргізіледі. Соққы тұтқырлығының минималды рұқсат етілген мәні - 19,5 Дж /см² (2 кгс/см²), сынақтарды МЕМСТ 7268-82 "Болат. Соққылық иілуге сынау бойынша механикалық тозуға бейімділікті анықтау әдісі" сәйкес жүргізеді.

Көрсетілген мәндерден төмен соққы тұтқырлығы мәндерін алған кезде зерттеп-қарау жүргізетін ұйымның кранын пайдалану режиміне шектеулер енгізіледі.

Сынамаларды іріктеу орнын зерттеп-қарауды жүргізетін ұйым айқындайды. Іріктелген дайындамаларға керн немесе бояумен таңба салынады. Элемент, кесу орны, таңба көрсетілген ведомос жасалады.

Сынамаларды іріктеуді ең аз күш әсер ететін учаскелерде жүргізіледі. Егер сынамаларды іріктеу үшін салмақ түсетін элементті алып тастау қажет болса, жаңа элементті орнатқаннан кейін түйін элементтеріне жүктемелерді қайта бөлуді болдырмау үшін машинаның металл құрылымының орнын оны алып тастағанға дейін бекіту қажет. Үлгіні кесу нәтижесі болып табылатын элементтің көлденең қимасы ішінара азайған кезде элементтің көлденең қимасы қалпына келтіріледі. Жөндей жұмыстарына элементтердің жұмыс қабілеттілігін толық қалпына келтіруді, кернеу

концентрациясының минималды коэффициенттері (ендірмелердің, жапсырмалардың пішіні, жиектерін, дәнекерлеу жіктерін тазалау) кіреді.

Тойтарылған конструкцияларда электр дәнекерлеуді қолдану дәнекерлеуге жол беретін металдың химиялық құрамы кезінде ғана мүмкін болады.

Табақты конструкциялардан сынамаларды кесу кезінде илемдеу бағытын ескеру қажет.

Бойлық бағытта 120 мм, көлденең 80 мм, дөңгелек радиусы 40 мм мөлшерде илемдеу бағытына бағытталған сопақша сынама кесіледі. Соққы тұтқырлығы үшін үлгілер көлденең бағытта кесіледі.

Сынамаларды алу орындары ең жақын ішкі қаттылық қабырғасынан кемінде 70 мм ауытқуға тиіс.

8-тарау. Крандардың металл конструкцияларын тексеру нәтижелері туралы қорытынды жасау

36. Зерттеп-қарау кезінде металл конструкцияларының мынадай ақаулары тіркеледі:

- 1) барлық түрдегі, бағыттағы және көлемдегі жарықтар;
- 2) жергілікті деформациясы бар тораптар мен элементтер;
- 3) шоғырланған жүктемелердің әсерінен жалпы деформациялар, сондай-ақ дайындау, монтаждау немесе пайдалану кезінде туындаған деформациялар;
- 4) кернеулердің өткір концентраторлары бар тораптар, әсіресе қолданыстағы жалпы кернеулер бағытына сәйкес келетін жоғары кернеулері бар тораптар;
- 5) арқалық қабырғасының түйісу тігістерінің қаттылық қабырғасын бекітетін тігістермен қиылысуы, сондай-ақ осы тігістердің кемінде 50 мм қашықтықта қабырғаның түйісу тігісімен жақындасуы;
- 6) қабырға қалыңдығынан 10 кем қашықтықта жіктердің жіктеріне қаттылық қырларының дәнекерлеу жіктерін жақындату;
- 7) тік және көлденең қаттылық қабырғаларының қиылысу орындарында дәнекерлеу жіктерінің жанасуы (қабырғалардың бірінде олардың қиылысу орнында қиғаштар болмаған кезде);
- 8) фасонкаға тор және белдік элементтерін бекітетін дәнекерлеу жіктерінің металл конструкциясының тораптарында 50 мм-ден кем шамаға жақындауы;
- 9) фасонкаларды формалардың белдіктеріне үзік-үзік тігістермен бекіту;
- 10) тік қабырғаны үзік-үзік тігістермен белдіктерге бекіту;
- 11) Н - тәрізді өзектер белдіктерінің бірінің үзілуі (еңістерді дәнекерлеу үшін);
- 12) арқалықтар белдеулеріне контур бойынша дәнекерлеусіз немесе түйістірмей (толық пісірусіз) жапсарлап дәнекерлеу;
- 13) жапсарлас элементтердің ұштарына жанасатын тігістер болған кезде жапсырмалардағы жапсарлас қосылыстары;
- 14) өңделмеген жиектері бар, күйген, контур бойынша жиектелмеген, тесіктер;

15) егер элементтің қалыңдығы 20 мм-ден астам болса, қалыңдығы 3 % - дан астам тереңдікпен тереңдігі 0,5 мм-ден астам негізгі металды кесу;

16) суықтай күйде түзету нәтижесінде пайда болатын майысулар, элементтер бетінің кенжарлық басқа да зақымдануы;

17) элементті түзету мақсатында доғалы дәнекерлеумен балқытылған қорғалмаған білікшелер;

18) шлақтың, шашыраудың, металл балқымаларының қалдықтары (дәнекерлеу аяқталғаннан кейін, жапсарлас жіктің басы мен соңын пісірілетін бөлшектер шегінен шығару, оттегі немесе доғалық дәнекерлеу), әсіресе есептеу элементтерінде;

19) бөлшектерді уақытша бекіту үшін қызмет ететін қармауыштар (тігістер орналасқан жерден тыс), бұрыштарының, монтаждық планкаларының қалдықтары;

20) дәнекерлеу жіктерінің әртүрлі ақауларын (түйістіре элементтерін) жалғау кезінде жіктің түбірін күйдірудің мүмкін болмауы, бұрыштық жіктердің жиектері бойынша балқыту, тегіс немесе ұсақ қабыршақты беті жоқ, негізгі металға бір қалыпты ауысусыз жіктер, жоғарғы толық немесе жапсарлы жіктердің толық қайнатылмауы, шлак қосындылары және газ саңылауларының жиналуы, оралмаған кратерлер, механикалық әсерлерден жіктің бетіндегі кесу.

37. Барлық анықталған ақаулар схемада (жалпы көрініс сызбасында) немесе кранды зерттеп-қарау картасында көрсетіледі. Ақаулардың ведомосі Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулықтың 12-тарауының талаптарына сәйкес жасалады.

Қажет болған жағдайда жалпы түрдегі сызбаға байланыстыра отырып, зақымдануды сипаттайтын өлшемдерді көрсете отырып, ақаулы жердің эскизі жасалады.

Бүгілген элементтер мен майысқан элементтер үшін:

бүгілу тереңдігі (майысу);

ол таралатын ұзындық;

иілу кернеуі (жазықтықта немесе конструкция жазықтығынан).

38. Анықталған деформациялар мен металл конструкцияларының деформацияларын өлшеудің 2 және 3-кестелерінде және осы Нұсқаулыққа 6-қосымшада көрсетілген ақаулардың шамаларын рұқсат етілген шамалармен салыстырғаннан кейін комиссия белгіленген ақауларды жою мерзімдерін, машинаның ұсынылатын жұмыс режимін, жүк көтеру шамасын және машинаны келесі тексеру жүргізу күнін ескере отырып, металл конструкцияларын одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы жалпы қорытындының нұсқасын дайындайды.

9-тарау. Арбашық жүретін жолдардың жай-күйін тексеру

39. Арбашық жүретін жолдардың жай-күйін бағалау кезінде мынаны тексереді:

1) бағыттаушы арбашық жүретін жолды бекіту.

Жағдайды бағалау үшін дәнекерленген тігістердегі жарықтарды анықтау мақсатында кранның негізгі арқалығының жоғарғы белдеуіне бағыттағыштың бекіткішін ағаш балғамен түртеді.

Жарықтардың болуы соққыдан саңырау дыбыспен көрінеді. Сондай-ақ, дәнекерлеу күйін оптикалық құралдардың көмегімен көзбен шолып тексеріледі (6-10 есе үлкейтетін лупа). Арбашық жүретін жолдың бағыттаушыларының түйіскен жерлерінде бекітуді тексеру ерекше назар аударуды қажет етеді;

2) бағыттаушылардың көлденең және тік жазықтықтағы жағдайы.

Арбаның қозғалысы кезінде бағыттаушыларды бағалау үшін рельстердің жай-күйіне визуалды бақылау жүргізіледі. Рельстердің көлденең немесе тік жазықтықта қозғалуы олардың бекітілуінің нашарлығын куәландырады;

3) бағыттаушы арбашық жүретін жолдарының жіктерін тексеру осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

10-тарау. Блоктарды тексеру

40. Блоктарды қарау кезінде:

1) күпшекте, ребордта және шабақта жарықтар мен сынықтардың болмауын;

2) блокта арқан таңбаларының болмауын;

3) арқанның блоктардан құлауын болдырмайтын құрылғылардың жарамдылығын (блок ребордтары мен құрылғы арасындағы саңылау арқанның 0,2 диаметрінен аспауы тиіс);

4) блоктар дайындалған материалдың Қағида талаптарына (жебелі және мұнаралы крандар блоктарының материалы) сәйкестігін;

5) блоктар қабырғаларының тозу шамасы (20% артық емес), блок ағынының тозуын (ағынның бастапқы радиусынан 40% артық емес);

6) ағында артық арқанды майлаудың болмауын (әсіресе қыс мезгілінде);

7) блоктарды бекіту және олардың өстерінің жай-күйін тексереді.

11-тарау. Арқандарды және олардың бекітілуін тексеру

41. Арқандарды және олардың бекітілуін тексеру кезінде мыналарға көз жеткізу керек:

1) арқандарды дұрыс сақтау;

2) бүлінулер, ширату қадамындағы кідірістердің үзілуіне жол берілмейтін үстіңгі тозу болмаған кезде (жүк көтергіш крандардың арқандарын ақаулау нормалары Қағидада келтірілген арқандарды ақаулау жөніндегі деректерге сәйкес);

3) арқандардың ұштарын бекітудің сенімділігінде: қысқыштарды орнатудың дұрыстығы, олардың санының есептемеге сәйкестігі, ұштары мен сыналы төлкелерді бітеудің дұрыстығы, барабандарға қысқыш планкалармен бекітудің дұрыстығы;

4) барабанда ілгекті немесе жебені төменгі қалыпқа түсірген кезде арқанның кемінде 1,5 орамы болуы тиіс;

5) металл конструкциялары туралы арқандарды, ал полиспасттар арқандарын өзара үйкелеу мүмкін болмағанда;

6) балқытылған немесе қызған металл мен сұйық қожды тасымалдайтын крандарда жылу сәулесі мен металдың шашырауы әсерінен арқандарды қорғау болған жағдайда;

7) көпірлі крандардың арқандарын басты троллейлермен жанасудан қорғаныс болған жағдайда.

12-тарау. Механизмдердің жай-күйін тексеру

42. Кран механизмдерін тексеру кезінде мыналарға назар аудару қажет:

